



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

айнымас құндылыққа айналғандай. Оның қазіргі кезде де өзектілігі жоғары және сол себепті біздің өмірлік ұстанымымызға айналуы тиіс. Ирландық ойшыл Эдмунд Берк: «Жамандықтың салтанат құруы үшін жалғыз нәрсе қажет, ол – жақсы адамдардың ешқандай әрекет жасамауы», - дейді. Сол себепті де, біз сенімнің агрессиялы және қырып-жойғыш фанатизммен алмасуына жол бермеуіміз керек. Қазіргі уақыт нақты әрекеттер уақыты, әсіресе дін лидерлері тарапынан нақты қадамдар жасаудың уақыты келді.

Біздің мемлекетімізде бейбіт өмір сүру мен еңбек етуге барлық жағдай жасалған. Бұл – тұрақты саяси-әлеуметтік жағдай, экономикалық мүмкіндіктердің жандануы, конфессияаралық келісім мен өзара сыйластық, дін алаңындағы құқықтық реттеу болып табылады. Мемлекет пен діни ұйымдардың арасындағы өзара әрекеттестік үдерісі қарқынды түрде жүзеге асуда. 2011 жылы қазан айында қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы еліміздің діни келбетін реттеуге мүмкіндік берді. [3, 349 б.].

Қорытындылай келе мынаны айтқым келеді. Әрбір ұлт, әрбір халықтың өз діни сенімі бар. Оған ешкім сенің дінің немесе сенімің қате деп айта алмайды. Әсіресе біздей зайырлы қоғамда мұндай мәселе шықса оның арты үлкен дауға ұласары анық. Біз елімізде тұратын әрбір халықтың діни түсінігіне төзімділікпен қарай отырып оларға өз дініміздің артықшылықтары мен жақсы тұстарын барынша сөзбен емес, іспен дәлелдей беруіміз керек. Осы орайда есіме көне бір кітапта оқыған әңгіме түсіп отыр.

Ертеде бір шахардың сыйлы қариясы дүние салғалы жатып, үш ұлына аманатын тапсырмақ болыпты. Әйтсе де әлгі қарияның артындағы мұрасы жалғыз ғана гауһар тасты керемет жүзік ғана екен. Қарияның үш ұлы бар. Бір жүзікті қайсы ұлына берерін білмей басы қатады. Балаларының үшеуі де бір бірінен өткен ақылды, ержүрек екен. Ойлана келе қала маңындағы зергерге барып дәл осындай жүзіктің тағы екеуін жасатады. Дайын болған екі жүзік алғашқы шын жүзіктен еш айырмасы жоқ, тіпті өзі шатастырып ала жаздайды. Алайда оның басына орнатылған гауһар тас асыл емес болатын. Әлгі қария үш ұлына бірдей үш жүзікті беріп, өзі дүниеден өтіп кетеді. Ал оның ұлдары шынайы жүзік тек менде деп есептеп, өмір кеше берген екен. Ал нағыз жүзіктің қай баласында екені тек қарияға ғана аян болатын.

Осы мысалдағыдай әлемде сан мыңдаған діндер бар. Миллиондаған халықтар өз діндерінің шынайы екеніне риясыз сенеді. Алайда, нағыз шынайы дін бәріміз үшін өз сеніміміз болмақ. Сондықтан зайырлы мемлекеттің азаматы мен азаматшасы ретінде бір - біріміздің діни сенімдерімізге түсіністікпен қарап, жылы шырай таныта білсек ғана бір тудың астында бейбіт өмір кеше аламыз. Ең бастысы халықты ұлы ететін де дін, бейшара күйге түсіріп тобыр ететін де дін екенін ұмытпайық.

#### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. Атамұра. 1996. [1, 248б.].
2. Дінтану негіздері. F. Есім, А. Артемьев. Білім. 2003. [2, 12 б.].
3. Тойынби А. Дж. Постигение истории. М. 1991. [3, 349 б.].

УДК 297(574)

#### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҮГІНГІ СОПЫЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТЫҢ КӨРІНІСІ: ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ИДЕЯЛАРЫ**

**Қадыр Мирас**

*Sargaldak@inbox.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік Ғылымдар Факультеті, Дінтану мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – профессор, Кенжетай Д.Т.

Орта Азия және Қазақстан кеңістегінде түркілік мәдениет жаңғырып, ренессанс дәуірін

басынан өткерді. Қазақстанда XI – XII – шы ғасырларда медресе, мектептер жеткілікті ашылып, фикх, калам, тафсир сияқты ислам діни ғылымдары кеңінен дамыды. Бұл ашылған орталықтардың мақсаты исламды танытып, оқытудағы саны мен сапасының ең жоғарғы деңгейге жеткізу болды. Себебі бұл діни ғылымдар осы уақытта біраз еркін ойлау қабілетінен айрылып, тығырыққа тірелді. Сол себепті сопылықтың ислам мәдениетінің кеңінен өрістеуіне бірден бір ықпал еткен ағым ретінде танылған тұсы болатын. Осы орталықтар суфилердің адам жанының тәрбиелеуімен айналысатын діни сопылық тәлім – тәрбие ошақтарына айналды. Адамның көңілін, рухани әлемін жаулауды мақсат еткен сопылық дүниетанымдық ағымдар тариқаттар негізінде қалыптасты. Тарихта түріктер арасында сопылық дүниетанымның жайылуы мен тариқаттар дәуірінің басталуы құбылысы Қожа Ахмет Иасауи атымен тығыз байланысты.

Сопылықтың ішкі мәні: Құран мен Хадис негізіне сүйене отырып, әр түрлі дүниетанымдық мәдени қабаттардағы халықтардың құндылықтары арқылы біртұтас ислам өркениеті ретінде қуатты даму, жаңғыру сатысына көтерілу, ал сыртқы әлемі: исламдық ілімдердің дамуы бағытында тәлім-тәрбиелік орталардың – медресе, теккелердің орнығуымен бірге қоғамдық, руханияттық, моральдық – этикалық принциптерімен экономиканың, сауданың дамуына негізделген жаңа мемлекеттік сипаттағы жүйелер қалыптастыру болды.

Иасауи ілімі уақыт тұрғысынан XII – ғасырдың екінші жартысында Мауераннахр, Түркістан, Ферғана (бүгінгі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстан мен Тәжікстан) территорияларына таралды. Міне, осы кеңістікте Иасауи ілімінің жаңа рухани құндылықтарын жалғастырушы шәкірттері адамзат тарихында өзіндік із қалдырып, түркілік мәдениет негізінде құрылған барлық тариқаттар осы иасауи тариқаты негізінде қалыптасты. Нақшбандийа мен Кубрауийа Ахмет Иасауи шәкірттерінің орын алуынан – ақ көруге болады. Үндістандағы Иасауи мәдениетінің мұрагерлері Хайдарийа тариқаты болды. Кіші Азия — Анадолыда Иасауи ілімі XIII – ші ғасырдың бірінші жартысынан бастап, Хайдарилік тариқаты арқылы ене бастады. Құтб – уд – дин Хайдар (XIII ғ.) кейіннен ХҮІ – шы ғасырдың басында құрылған Бекташийа тариқаты да Иасауи ілімінің жалғасы болып табылады. Алтын Орда, Өзбек Хан (1313-1341) кезеңінде исламның ресми дін ретінде танылуы нәтижесінде суфилік Еділ бойына XII – ХІҮ ғасырларды енді. Суфиліктер Бұлғарларға әкелген Иасауи тариқатының өкілдері болды. Солар арқылы ислам қалалықтардың, саудагерлердің діни сипатынан арылып, көшпелілердің арасына тереңдеп жайылды.

Ахмет Иасауидің хикмет дәстүрі қазақ даласында сал-серілік, терме-нақыл сияқты моральдық, ғибраттық мазмұнда дамыды. 1468 жылы Керей және Жәнібек сұлтан Қазақ хандығын құра отырып, көне түрік заңы бойынша өмір сүру құқығын қалпына келтірді, сонымен қатар Қазақ хандығының үшінші ханы Қасым хан да, ата – бабалары секілді сопылық тариқатты ұстана отырып, түркі заңына сүйеніп, өзінің «Қасқа жолы» заңын қалыптастырды. Жалпы қазақ тарихында «жол» заңдық терминологиясына сопылықтағы «Ақиқатқа» жетудегі «Жолымен» түсіндірме беруге болады. Сопылықтағы «жол», ол «Ақиқатқа (хаққа) жету жолы» және «Хақ» Алла тағаланың 99 есімдернің бірі, «Хақ жолы» сопылықтың негізгі принципі.

Сонымен, VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, түркі даласына ислам дінінің таралуына байланысты, X – XII ғасырларға келгенде өзінің дәстүрлі мәдениетінен, тілінен, мемлекеттік жүйесінен ажырай бастағани еді. Алғашқы уақытта ислам дінін қабылдау тек дінді қабылдау емес, бүкіл араб болмысын қабылдау деп түсінген түркі әлемі арабтанып, парсыланып кеткен еді. Осы уақытта өмір сүрген ұлы ғұламаларымыздың бірі Қожа Ахмет Иасауи бабамыз болатын. Оның мақсаты: ислам дінінің басты талабы Иман екендігін түсіндіру, иманы бар адамның мұсылман болып саналатынын сезіндіру, арабтың салт – дәстүрі мен әдет – ғұрпын қабылдамай – ақ әрбір мұсылманның өз мәдениетін сақтауы мүмкін екендігін, яғни түркі әлеміне өзінің дәстүрлі мәдениетіне қайтадан бет бұруына мүмкіндік беру еді. Сонымен қатар, бабамыз түркі мәдениетін сақтап қалу ғана емес, оны

қайта жаңғырту жолында да көптеп еңбек еткен еді. Қожа Ахмет Йасауи түркілерге иманды, исламды ғана қайтарып қойған жоқ, сонымен бірге, түркінің көнеден келе жатқан мәдениетін, тілін, әдет – ғұрып, салт – дәстүрін түгелімен қалпына келтіруге мүмкіндік берген болатын.

Бүгінгі таңдағы Йасауи ілімі мен сопыларды алып қарайтын болсақ, олардың арасында ұстанымдық, уақыттық тұрғыдан айырмашылықтарды байқауға болады. Оны ашып қарайтын болсақ, Йасауи ілімі тереңдікті қажет ететін, хәл ілімі. Оны игеру, меңгеру уақыттың ісі. Бірінші бұл ілімде «мәжбүрлеу жоқ», исламның негізгі қағидасы «ла икраха фид-дин», яғни, дінде «зорлық жоқ», соған орай, тариқат жолына адам өз еркімен, саналы түрде келу керек. Себебі бұл ілім жалпыға бірдей емес, «дидар талаптарға», яғни, Алланың нұрына ғашықтарға арналған. Ал бүгінгі болып жатқан сопылықтың көрініс, суфизмофобияның жарнамасы. Неліктен, себебі көрсетіліп жатқан деректі фильмдер, негізінен діннің саясиленгендігінің бейнесі болып табылады, мақсаты «сопылықты» құбыжық бейнесінде көрсету. Бұл өз кезегінде, Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының дін мен саясат арақатынасына немқұрайлы қарауы, қорытындысында діннің саяси топтардың құралына айналуына көмекші болады. Әрине дінді насихаттаудың ең басты құралы, ол – бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Егер 1993 жылдан 2013 жылға дейінгі 20 жылдық аралықты алып қарайтын болсақ, жарық көрген діни материалдарды барлығы, олардың 97 пайызын діни білімі жоқ адамдардың жазғанын байқауға болады. Айтқым келгені, бұл материалдарды жазған дін мамандары емес, философ, тарихшы, қарапайым журналист, тіпті атеисттер жазған екен. Бәлкім мақсаттары салауатты, діннің орнығуына өзіндік бір үлестерін қосуға талпыныстары болған шығар. Түсінетін жәйт, қазіргідей дін мамандары да көп болғандығы.[4]

Бір айта кететін жай, Суфизмофобияның да артында сыртқы саяси күштер тұр, оны жоққа шығаруға болмайды. Ресей Қазақстандағы сопылықтың дамуына қарсы. Неліктен, себебі мұнда дәстүрлі діни таным дамып, ұлтшылдықтың жанданып кетуінен қауіптенеді. Жалпы, біздің қоғамызда сопылықтан қорқынышты көруге болмайды, өйткені онда ешқандай қауіп – қатер жоқ. Қорқыныш – үрейді тудыратын екі үлкен себеп бар, егер біріншіден, дін әбден саясиленатын болса, екіншіден, сопылық өкілдері өз ілімдерінің негізгі ұстанымы мен түпкілікті мәнін білмеуінен болатын қауіп қатер. Ислам дінінде «иннама ағмал би'н ниат» яғни, толығырақ айтатын болсақ «амалдар ниеттерге байланысты» делінеді. Сопылардың ниеттері дұрыс, оған сөз жоқ, исламға сай, бірақ бір айта кететін жайт, «илм сияса» яғни, қоғаммен қалай жұмыс істеу керектігін, бұл қандай қоғам, не істеу керектігіне терең ғылыми талдау жасай алмағаны. Егерде қоғамымыз сопылыққа қарсы шығатын болса, ол деген Йасауиге, бүкіл тарихымызға, мәдениетімізге, сайып келгенде, қазақ дәстүріне қарсы шығу деген сөз. Өйткені Йасауиден бастап, Мәшһүр Жүсіпке дейінгі қазақ даналары сопылық мәдениет негізінде ой толғады. Бұл дегеніміз – қазақтың дәстүрлі мұсылмандық танымы – сопылық мәдениет деген сөз.

Бұл ілімнің мақсатына немесе идеясына көшетін болсақ, жалпы Йасауи ілімі – сопылық дүниетанымға негізделген. Басты ұстанымы – ғашықтық, мұраты – Алла. Гносеологиялық құрылымы Алла мен адам (жүрек) арасындағы тылсым күшке негізделген эпистемиологиялық жүйе. **Бұл толығымен діни танымдық тенденция. Сопылықтағы басты шарт: Алла мен адам, әлем мен Құран арасындағы үндестік айқын. Сонымен қатар, сопылық – Құран мен Хадиске сүйенген – ар түзейтін ілім деп танымыз.** Өйткені, Йасаудің өзі «Менің хикметтерімнің мәні Құран» дей отыра Аллаға да, сөзіне де, оның пайғамбарына да махаббатпен үндескен айдан анық. Біздің дәстүрлі діни танымызда **ойлау, жору және түсіндіру формалары мен ұстанымдары сопылық дүниетаным негізінде қалыптасты.** Матуридидің «Тауилат-ул-Куран» атты еңбегі мен «Тауил ұстанымы» түріктердің өзіндік түркілік мұсылмандық болмысқа ие болуында суннилік және сопылық танымның қалыптасып, дамуындағы орны ерекше. Сол себепті, **осы ұстаным арқылы қалаған Қожа Ахмет Йасауи және оның мектебі өзіндік ілім қалыптастырып, мұсылмандықты қабылдауымыздың теориялық және практикалық негізін қалаған**

**болатын.**

Сопылықтың принципі қандай? Бұл сұраққа қарапайым мысал беруге болады. Иасауи ілімі немесе сопылық қазақ мұсылмандығының негізі. Біз Иасауи жолындағы қазақ мұсылмандарымыз. Оны жасыратыны ештенесі жоқ. Иасауи жолы фикхтық жағынан Имам ағзам Әбу Ханифаның, ақидалық (доктриналық) жағынан имам Матурудидің іліміне негізделген, түркі халықтары арасында кең тараған нағыз түркілік мәдениетпен сомдалған дәстүрлі мұсылмандық түсінігіміздің айнасы. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Иасауи біздің Конфуции» деген сөзінің артында да осы себептер жатыр. Иасауи ілімі Қазақстандағы діншілік қана емес діндераралық татулық пен толеранттылықтың тұтастығы. Ол үшін Иасауи мұрасын өз деңгейі мен дәрежесінде меңгеріп, соған лайық бола алуымыз керек. Сол себепті біз Иасауиді құрметтеп оны жоғары бағалауымыз тиіспіз. Өйткені, тарихтағы Иасауи жолы – дін іші тұтастыққа және діндер арасы татулық пен толеранттылыққа шақырады.

Кешігі өмірден өткен, мол мұра қалдырған, ұлы ғұламаларымыздың бірі, Абай атамыз адам баласын имандылық пен инабаттылық жолына тәрбиелеуде Ислам дінінің зор мәні бар екенін мойындап, оны уағыздаудан еш жалықпаған. Сонымен қатар Абай атамыз, “Алланың өзі де рас, сөзі де рас, “Рас сөз ешуақытта жалған болмас” немесе Оның Бар және Бір екендігі туралы “Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын” – деп, ислам дінінің имандылық тұғыры мен шартына берік екендігін көрсетеді. Абайдың атамыздың түсінігінде құдайлық танымға ақыл жеткізбесе де “терең ой” (тафаккур) арқылы талаптануға болады. Ал терең ой болса – адамды кемелдікке жетелейтін сопылық дүниетанымдағы негізгі ұстанымдардың бірі. Бұған дәлел ретінде Абай атамыздың болмыс туралы концепциясы мен онтологиялық ізденісінде төркіні ислам екенін, ал дәлірек оның ішінде сопылық философия екендігін байқауға болады.

Ресей Империясының отаршылдық көрсете отырып, қолданған “жабайыларды жабайының қолымен тұншықтыру” саясатында өте терең мән жатты. Өйткені патша отаршылдарының идеясы болыстық билікті территориялық принцип тұрғысынан ендіріп, ұсақ рушылдық таласты қоздыра отырып, қазақ елін тоздыру, әшкерелеу мақсатында болды. Мінекей, Абай атамыздың мол мұрасы, өлендері осы әшкерелеушілік саясатқа қарсы бағытталған еді. Ол: Алланың, пайғамбардың жолындамыз,

Ынтамызды бұзбастық иманымыз, – деп халқымыздың мұсылман екенін мақтанышпен жырға қосады. Х. Сүйіншәлиев кемеңгер ақын жайлы: «Абай қалдырған ұлы мұралар өз дәуірінің алуан түрлі мәселелерін қамтыды, сол кездегі қазақ елінің шын сырын ашты» – дейді. [1] Шынымен де Абай атамыз өзі өмір сүрген кезеңінің ішкі – сыртқы сырларын жете түсініп, қазақ елінің бейнесін айқын көрсете білген.

Жалпы қорыта айтатын болсам, бүгінгі біздің қоғамымызда сопыларды, зікіршілерді немесе тариқатшыларды жеке ағым ретінде исламға жат дүниетаным аясында көрсету шыңына жетті. Сопылар бүгінгі біздің қоғамымызда пайда болған жоқ. Сопылар кеше де болған, әлі ертең де болады. Себебі, қазақтың басқа түркі халықтары сияқты діни таным, мұсылмандық түсінігі сопылық арқылы қалыптасқан. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, рухани байлыққа бай халқымыздың діни ұстанымы, сыртқы болмысымен бірге дамып, қайта жаңданған болатын. Себебі, Қазақстанның кең байтақ аймағына орыс патшалығының үш ғасырға созылған үстемдігі, сонымен қатар жетпіс жыл бойы атеистік тордың ішінде қамауда болған дәстүрлі нанымымыз әр қазақтың жүрегінде еркіндікпен бірге аңсаған арманы еді. Халқымыз осындай күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылған дүрбелең кезеңдерді басынан өткізсе де өзінің мұсылмандық мәдениетін, дінін сақтап қалуға барын салған болатын. Сопылық ілімі халқымызға өзінің ұлттық болмысын сақтап қалуға көмектескен еді. Мінекей, бүгінгі таңдағы қол жеткізілген тәуелсіздігіміз сонын бір дәлелі. Сол себепті, ата – бабаларымыз таңдаған ұлы жол қай кезде де елді бірлік пен ынтымаққа шақырып, тәрбие мен өнегеге бастады. Салтымызға сіңісіп, дәстүрімізге айналды. О бастан, іс – амалда Ханафи мәзһабы мен сенімде Матуриди жолын таңдауымыз ұлт ретінде ұйысып, мемлекет ретінде дамуымызға тың серпін берген. Ендеше біздің міндетіміз – бүгінгі күні ұсақ – түйекті таласқа айналдырмай, дінде де ата – бабамыз салып кеткен сара жолды ұстануымыз аса маңызды, сонымен қатар ел тыныштығын күзетіп, діни төзімділік негізінде

өзге дәстүрлі дін өкілдерімен де татулықта өмір сүру, тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіте түсуге барынша жұмыс жасау.

### **Қолданылған әдебиет**

1. Әділбаева Ш. «Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз» - Алматы; «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. – 280 б.
2. Досай Кенжетай «Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы» - Түркістан, 2003 – 265 б.
3. Біз ұстанатын діни жол, – Алматы: «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2012. – 36 б.
4. «Ислам және өркениет» 20 наурыз, 2014 ж.
5. Абуов А.П. Мировоззрение Ходжа Ахмета Яссауи. –Алматы: Институт философий МН-АН РК, 1997. – 196б.
6. Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи. Көңілдің айнасы (Мират-ул Қулуб). /Дайындаған-Кенжетай Д.Т/- Анкара: Билиг баспасы, 2000. – 114 б.

УДК 159.9:316.6

### **ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІ**

**Калиева Балжан Ардакқызы**

*[nazgul.bolatbekova@mail.ru](mailto:nazgul.bolatbekova@mail.ru)*

Қазақ гуманитарлықзаң университетінің 4 курс студенті,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Ж.Болатбекова

Бүгінгі уақытта діни экстремизм мәселесі әлеуметтік- психологиялық деңгейдегі ауытқыған құбылыс ретінде әлеуметтану,теология, саясаттану, психология, тәлім тәрбие, заңгер сияқты көптеген ғылым өкілдерінің назарын өзіне аударуда. Өйткені, діни экстремизм мен терроризм сөздерін естімеген адам кемде кем және мәселенің ғаламдық деңгейде орын алып отырғандығы баршаға мәлім.

Қазірде діни экстремизм мен терроризм ұғымы ислам дініне таңылған қауіп ретінде танылып отыр. Себебі, қарулы қақтығыстар ,террактілік актілерді ислам атын жамылған радикалды топтардың өз мойындарына алуы өте өкінішті.

Діни экстремизм – қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығару, дәстүрлі дінге жат идеяны белсенді насихаттау, зайырлы қоғамға қарсы әрекет ету, қоғамға белгілі бір діни конфессия бойынша өз түсініктері мен көзқарастарын насихаттау болып табылады.Діни экстремизм–өздерінің ой пікірлеріне қосылмайтын ұстанымдағы адамдарға агрессиялық әрекет көрсету.Діни экстремизмнің іс жоспарын іске асырушы әрекеттерді жасайтындар– экстремистер. Қандай да бір мемлекет үшін діни экстремизмнің ең қауіпті түрі – діни ұранды бүркемелеп, ұлттар, діндер арасына от қойып, шағыстыру арқылы қақтығыстар тудырып, нәтижесінде өз дінінің басқа діни конфессияларға басым екенін мәжбүрлі түрде мойындату.Бұл жағдай бейбіт еліміздің азаматтары арасында әсіресе толық дүниетанымдық деңгейі қалыптаса қоймаған жастардың өзгелерге тез еліктеуі, белгілі бір топтың мүшесі болуға деген ынтасы соқыр сенімге негізделген діншілдікке әкеліп, нәтижесінде діни фундаментализмнің көрінісі-діни фанатизмнің пайда болуына себепші болады.Ал, фундаменталисттік көңіл-күй экстремизмге апарар жол, өйткені экстремисттік пайымда өзінің ғана қате діни ұстанымы ең шынайы, ақиқат әрі таза деп ұғынылады.Сәйкесінше, өзге дін өкілдеріне төзімсіздік, қысым көрсету секілді көңіл-күй туындатып,өз сенімін, көзқарасын дәлелдеп,жариялау мақсатында діни мотивтегі терроризм әрекетіне баруы мүмкін.

«Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасы Жолдауында атап көрсетілгендей, ХХІ ғасырдағы Қазақстанда халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі